

екі елдің технологиялары мен білімнің өзара трансфертін дамытудағы өзара іс-әрекетін кеңейтуге және нығайтуға, өндірістік кооперацияларды жандандыруға және инвестициялық қызмет пен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты көтермелеуге жалпы ұмтылысын назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісім мақсаты

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Инновациялық негізде экономиканың нақты секторын дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) мақсаты бірлескен кәсіпорындар құру, өзара тиімді инвестицияларды қолдау, ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері, инновациялық инфрақұрылым элементтерінің мүмкіндіктері туралы өзектендірілген ақпаратты ұсыну, технологиялардың өзара тиімді трансфертін ұйымдастыру, экономиканың нақты секторы үшін, оның ішінде инновациялық қызмет саласындағы кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі іс-шараларды жүргізу арқылы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуды көтермелеу болып табылады.

2-бап

Ынтымақтастық салалары

Осы Келісім шеңберінде Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай салаларды қ а м т и д ы :

- а) энергияның дәстүрлі көздері;
 - б) энергияның дәстүрлі емес көздері;
 - в) мұнай - газ секторы;
 - г) машина жасау;
 - д) минералды шикізатты терең қайта өңдеу;
 - в) көліктік, тау-кен-металлургиялық, ірі ауыл шаруашылық машиналарын жасау;
 - ж) биотехнология және фармацевтика.
- з) ақпараттық технологиялар салаларын қамтиды.

3-бап

Ынтымақтастық нысандары

1. Осы Келісімде қамтылған қызметтің барлық түрлері Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сай болуы және соған сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

2. Осы Келісімнің 2-бабында айтылған салалардағы ынтымақтастық мынадай нысандарды қ а б ы л д а у ы м ү м к і н :

- а) бірлескен жобаларды іске асыру үшін ақпарат алмасу және өзара тиімді әлеуетті серіктестерді іздестіру;
- б) заңнамалық және құқықтық база ақпаратымен алмасу;
- в) ғылыми және техникалық ақпаратпен және деректермен алмасу;
- г) тараптар мемлекеттерінің аумағында өткізілетін симпозиумдарды, семинарларды және жұмыс топтарын ұйымдастыру;
- д) тиісті техникалық консультациялар мен қызметтерді ұсыну;
- е) бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және өзара мүдделілікті білдіретін жобаларды іске асыру;
- ж) ғылыми-техникалық кадрлармен алмасу;
- з) Қазақстан-Француз технологиялар трансферті орталығын құру;
- и) тараптардың келісімі бойынша ынтымақтастықтың басқа да нысандары.

4-бап

Ақпарат

1. Тарап немесе мұндай ақпаратты берілген құзыретті орган мұндай ақпаратты пайдалану немесе таратуға қатысты шектеулер туралы алдын ала хабарлаған жағдайды қоспағанда, Тараптар олар осы Келісімнің ережелеріне сәйкес алмасқан кез келген ақпаратты еркін пайдаланады.

2. Тараптар зияткерлік меншік құқығын қорғау мақсатында қол қоюшы Тараптарға берілетін коммерциялық және өндірістік құпияларды қоса алғанда, таратылуына шектеу қойылған ақпараттың тиісінше қорғалуын қамтамасыз ету үшін өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдайды. Осы Келісімнің шеңберінде зияткерлік меншік ретінде 1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольмде қабылданған Бүкіл әлемдік зияткерлік меншік ұйымының Құрылтай конвенциясының 2-бабында берілген анықтама түсініледі.

5-бап

Қызметті қаржыландыру

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе, Тараптар осы Келісімді орындауға байланысты шығыстарды өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес көзделетін қаражат шегінде дербес көтереді.

6-бап

Құпия ақпаратпен алмасу

Тараптар арасындағы құпия ақпаратпен кез келген алмасу 2008 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі

арасындағы Кұпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

7-бап

Тараптар арасындағы даулар

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешеді.

8-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Осы Келісім Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін. Барлық өзгерістер мен толықтырулар бұдан әрі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын екі жақты қол қойылған хаттамалармен ресімделеді.

9-бап

Қолдану кезеңі

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 1 (бір) жыл мерзімге жасалады. Кейіннен Тараптардың бірі тиісті кезең аяқталғанға дейін кемінде 2 (екі) ай бұрын екінші Тарапқа өзінің Келісімнің қолданылуын ұзартпау ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарламаса, осы Келісімнің қолданылуы келесі жылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылады.

Осы Келісімнің күшінің тоқтатылуы Тараптарды оның әрекет етуі кезінде қабылдаған міндеттемелерді орындауынан босатпайды.

2009 жылғы 6 қазанда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, француз және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының *Француз Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

Осымен 2009 жылғы 6 қазанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Инновациялық негізде экономиканың нақты секторын дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

Қ а з а қ с т а н *Р е с п у б л и к а с ы*
С ы р т қ ы *і с т е р* *м и н и с т р л і г і*
Халықаралық *құқық* *департаментінің*
кеңесшісі *М. Халимов*

РҚАО-ның ескертпесі: Бұдан әрі Келісімнің мәтіні француз тілінде берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК